

**"Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 5 наурыздағы № 8 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 6 наурызда № 34122 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19617 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларында:

602-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"602. Тариф оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерген жағдайда, осы Қағидалардың 601-тармағының 4), 5), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген негіздерді қоспағанда, шығындардың тиісті бабы өзгереді.

Бұл ретте электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу-сату бағасының айырмасына байланысты алынған алдыңғы аяқталған кезең (жыл) үшін нақты шығыстар немесе кірістер пайда болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық органы электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру салаларындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін, тариф осы Қағидалардың 601-тармағының негізінде өзгерген кезде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы бойынша шығыстарды қоспағанда, тарифтің шығындық бөлігін негізсіз алынған немесе толық алынбаған кіріс сомасына өзгертеді."

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыс  
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Су ресурстары және ирригация  
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі